

Тұрым Құндыз Талғатқызы

kundyz_04@mail.ru

«География-тарих пәндерінің мұғалімі» мамандығының 4 курс студенті
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан республикасы
Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы-Карамурзиева Ж.Ж

Karamurzieva69@mail.ru

«Өлкетану» түсінігін әркім әр түрлі мазмұнда қарастырады. Оқыту мен тәрбиеде жергілікті жер материалдарын, таныс нәрселерді қолдану қажеттілігі ертеден белгілі болған.

Өлкетанумен тарихшылар, жаратылыстанушылар, тіл мен әдебиетті зерттеушілер, архитекторлар, өнер адамдары айналысады. Сондықтан өлкетануды тарихи, географиялық, жаратылыстанушылық, мәдени деп те бөледі. Өлкетану жұмыстарының әр бағыт бойынша өзіне тән мазмұны мен зерттеу тәсілдемелерінде айырмашылықтардың болуына қарамастан туған жерді кешенді зерттеуді қарастырады.[1]

Бірақ осылардың ішінде оның мәні мен мазмұнын толық ашатын география ғана. Себебі географияның зерттеу нысандары мен әдістері өлкетанумен бірдей. Екеуінің де зерттеу нысаны жергілікті жер, географиялық территория. «Өлкетану» терминінің өзі де «туған өлке» түсінігіндегі территорияны тану, білу деген мағына береді.

Географиядан мектеп өлкетануының мәні мына жағдайларға байланысты: біріншіден - мұғалім өзі өз өлкесі туралы мәліметтерді, табиғи ерекшеліктерді терең білуі мен оны оқыту әдістемесін жете меңгеруі; екіншіден – жергілікті материалды география сабақтарында жүйелі пайдалануы мен сыныптан тыс, мектептен тыс өлкетану жұмыстарын ұйымдастыра алуы; үшіншіден ғылыми ізденістерді жоспарлай білуі. Өлкетану жұмыстарының ішіндегі басты мақсаттардың бірі зерттеу жұмыстары. Өлкетанушы мұғалім де оқушы да дайын материалдары жинаумен, пайдаланумен шектелмей өз өлкесінің ерекшелігін іздестіру- зерттеу жұмыстарымен айналысулары керек. Құбылыстар мен географиялық нысандардың ерекшеліктерінің себептерін анықтауға тырысу керек. Жинақталған материалды талдау, тексеру жұмыстары жасалмаса оқушыларда қате түсініктер қалыптасуы мүмкін. Оны жүйелеуге, анықтауға мұғалім басшылық жасауы керек.

Мысалы, географиялық және табиғат тану бағытындағы өлкетану жұмыстары өз өлкесінің табиғат жағдайларын зерттеуге арналады. Табиғат тану бағытындағы өлкетану негізінен сол жердің өсімдік –жануарлар дүниесінің тіршілігін, олардың ара қатынасын, тіршілік ету ортасымен қатынасын, бірлестіктермен, табиғи ортамен және мәдени өсімдіктермен арадағы байланыстарын зерттейді. Ол оқушыларға өсімдіктер мен жануарлардың шаруашылық маңызын, агротехника мен ауылшаруашылық өндірісінің технологиясын тереңірек білуге мүмкіндік береді. Ал географиялық өлкетану белгілі бір жердің табиғатының жеке элементтерін оқытуға баса мән береді (жер бедері, геологиялық құрылымы, микроклиматы, топырағы, суы, өсімдігі, жануары) және олардың адамның шаруашылық қызметінің арасындағы өзара байланысты сипаттайды. Сол елдің тұрғын халықтары мен елді - мекендердің шаруашылығы да географиялық өлкетанудың оқыту нысандары болып табылады. Осы жағынан географиялық өлкетану бағыты тарихи өлкетану бағыттарымен ұштасады.[2]

Өз өлкеңнің табиғи, әлеуметтік- экономикалық жағдайын оқып үйрену үшін оның тарихын, мәдениетін, өнерін, әдебиетін білуде осы тарихи, әдеби және географиялық өлкетану бағыттарының тығыз байланысын көрсетеді.

Географияны оқытуда өлкетану жалпы оқу үдерісін арттырудың қажетті шарты болып табылады. Сондықтан оны барлық мектептердің бағдарламасына енгізудің қажеттілігі негізді. Ол география сабақтары мен сыныптан тыс жұмыстарды байланыстырушы бөлік болып табылады. Оны дұрыс ұйымдастыра білу география пәні мұғалімінің педагогикалық әдістемелік шеберлігіне байланысты. Сондықтан көп мектептерде : а) табиғи- экономикалық құбылыстар мен өзгерістерді бақылау ; б)табиғатқа және өндіріске экскурсиялар; в) жекелеген оқушыға географиялық нысандарға сипаттама жазуға арналған тапсырмалар беру; г)өз өлкесі туралы материалдар мен әдебиеттерді іздестіру және оқып танысу бағытындағы жұмыстар жоспарланады. Жиналған материалдар мен оқушылардың өз өлкесі жайлы білімдерін мұғалім сабақта сол тақырыпқа байланысты қолдана алса, ол оқу үдерісін жандандырудың таптырмас құралына айналары сөзсіз.

Мектеп өлкетану пәні білім бере отырып тәрбиелеуді жүзеге асырады. Өз өлкесінің өткені мен бүгінін оқушының өзі зерттеп білуіне жағдай жасайды. Өз өлкесінің мысалында жалпы географиялық заңдылықтар мен құбылыстардың өзгерістерін оқып үйренеді. Өлкетану жұмыстарын ұйымдастырудың барлық формаларының негізгі бағыты өз жерінің бүкіл табиғатын білуге, насихаттауға, сол арқылы оқушының талғамын, адамгершілігін, отан сүйгіштігін, өз өлкесін мақтан тұтуы мен оның болашағына алаңдау сезімін қалыптастыру.

Мектеп өлкетану жұмыстарын ұйымдастырудың маңызы тек географиялық, табиғи-экономикалық нысандарды оқып үйрену және жеке тұлғаның жан-жақты дамыту ғана емес, ол мұғалім үшін оқушының жеке психологиялық ерекшеліктерін анықтауға үлкен мүмкіндік береді. олардың сұраныстары мен қызығушылығын жақынырақ білуге мүмкіндік береді. Бірге жорыққа шығу, экспедицияларға бару оқушылар арасында достық қатынас қалыптастырады, топта жұмыс жасауға үйретеді, өз қызығушылығы мен топтың қызығушылығымен санасуды қалыптастырады. Ғылыми- педагогикалық талаптарға негізделген өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру әрбір география мұғалімінің патриоттық борышы деп қарау керек.

Мектепте сабақ барысында өз жері, өз облысының географиясы жайлы білім берудің шектеулі екенін ескеріп, өлкетану курстарын, факультативтерді ұйымдастырумен қатар өлкетану мұражайын, өлкетану бұрышын, ғылыми өлкетану конференцияларын ұйымдастыру, байқаулар мен өз өлкесі туралы сурет көрмелерін ұйымдастыру, апталықтар мен кештер өткізу, өлкетануға байланысты стендтер дайындау керек. Өлкетану-оқу- демалыс лагерлерін, көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарын ұйымдастыруға болады.[3]

Өлкетану білім стандарттарының өлкенің ерекшелігін баса оқытатын аймақтық компонентіне айналды. Бүгінгі күні адамның азаматтық қасиеттерін, ұлттық болмысын қалыптастыруда және оны болашақ функционалды сауаттылығы жоғары тұлға етіп тәрбиелеуде ролі артып отыр.

Өлкетану бұрыннанда оқу-тәрбие үрдісін дамытуда қолданылып келсе де қазіргі кезде оның міндеттері артып, модификациялану үстінде. Өлкетану өз жерінің табиғатын, тарихын, мәдениеті мен әдебиетін тұтастықта қарастыра алатын бірден бір пән. **Оқушылардың мәдени , рухани деңгейін көтуруге бағытталған шараларды да қарастырады.**

Өлкетану жұмыстарымен айналысу оқушының бойында табиғат қорғауға деген жанашырлық сезімін оята алады. Табиғи нысандар, олардың тарихы, демалыс орындары олардың пайда болуы, тарихи нысандардың шежіресі сияқты құнды материалдарды

зерттеу бала бойында патриоттық сезім қалыптастырады. Оларды қорғаудың, сақтаудың қажеттігін сезінеді және өзінде оған ат салысатын болады. Өлкетану жұмыстары оқушыларды пайдалы еңбекке баулиды. Оларға өз өлкесінің көркеюімен дамуына үлес қосуға жол ашады. Оларға өз еңбегінің нәтижесін көре алу мүмкіндігі бар. Түрлі зерттеу жұмыстарын жүргізу, көгалдандыру оқушының энергиясын пайдалана отырып зерттеушілік бағыт қалыптастырады.

Өлкетану материалын сабақта қолдану географиялық түсініктердің оңай қабылдануын, жеңіл меңгерілуін қамтамасыз етеді. Мысалы, жер бедері туралы теориялық материалмен бірге табиғи жер бедерінің формаларын бала көзбен көрсе көңілге жақсы тоқиды. Өйткені балаларда көру арқылы есте сақтау жақсы дамыған. Ол өз көргенін оқу материалымен, мұғалім сөзімен байланыстыра алса сөйлеу мәнері қалыптасады, ойын дәйекті жеткізе алатын болады. Өлкетану әр түрлі пәндердің мәселелерін бір-бірімен байланыстыра отырып зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл сабақта пән аралық байланыстарды нығайтады. Мысалы алтыншы сыныптың Жаратылыстану пәні бойынша жергілікті жердің сызбасын салу немесе түсірілім жасау тақырыптарында математикалық білім керек болады. Өлкетану ұстанымы географиядан алған білімді өмірде пайдалануға көмектеседі. Мысалы, метеорологиялық құралдармен жұмыс жасау әдістемесін білу өмірде ауа-райына бақылау жасауға, бағдарлай білуге үйретеді. Өзен режимінің ерекшелігін білу су тасу, толығу, су қайту кезеңдерін анықтауға, су басу қаупін анықтауға, жергілікті жер өсімдіктерінің ерекшеліктерін білу көгалдандыру жұмыстарын жүргізуде қолданылады.

Географияны оқыту бағдарламасында табиғатта жүргізілетін бақылау, бағдарлауға байланысты жұмыстар енгізілген. Оқу экскурсиялары жоспарланған. Бұл практикалық сабақтар бірнеше әдістерді бірлестіре пайдалануды көздейді. Ол мұғалім түсіндіруін, оқулықты не әдістемелік материалды пайдалану, картографиялық өлшеу әдістерін пайдалану не макеттер мен модульдер жасау сияқты бір сабақта бірнеше әдісті пайдалану арқылы мүмкін болады.

Ол сабақтың тақырыбына, оқушылардың жас ерекшелігіне, тақырып мақсатына байланысты таңдалып алынады. Өлкетанушылық тәсілдеме балалардың өздеріне таныс, өздері тапқан не көзбен көрген географиялық нысандар мен құбылыстар туралы материалдар мен мәліметтерді пайдалану арқылы сабақты белсендіре алады. География мұғалімі өлкетануға байланысты сұрақ қою арқылы жаңа сабаққа оқушыларды белсендіре алады. Мысалы, бүгін ауа-райы қандай? Кезекші оқушы не кез-келген оқушы ауа-райы туралы, жел бағыты туралы мәлімет айтады. Мұғалім «бүгін неге жел солтүстік-батыстан шықты?» деп кері сұрақ қояды. Ал оқушылар оған жауап бере алмайды, себебі оларда әлі желдің пайда болу себептері туралы білімі жоқ. Оқушылардың алдына мәселе қойылды, енді оны шешу сабақ соңында жаңа материалды меңгергеннен кейін мүмкін болады.

Сабақ соңында мұғалім сол сұрақты қайта қойғанда оқушылар негізді түрде дәлелді жауап бере алады. Жел бағытының температура мен қысым айырмашылықтарына байланысты қалыптасатынын өз шамаларынша дәлелдеп береді. Бұл мысал бағдарлама бойынша өтілген кәдімгі сабақта өлкетану материалын пайдалану мәселе тудыратын, оқушының географиялық ойлануын дамытатын сұрақ қоюға қолданылғанын көрсетіп отыр. Мұндай мысалдарды география сабақтарында көптеп келтіруге болады. Кей жағдайда тұтас сабақ өлкетану материалдарына қатысты болуы да мүмкін.

Әрбір географ мұғалім пән бойынша өлкетану жұмыстарын ұйымдастырудың формалары мен оларды қолданудың әдістемесін толық, жан-жақты білгені дұрыс. Осы біліктілікті ретті әрі тиімді қолдану ғана география сабақтарында өлкетанушылық ұстанымның дидактикалық мақсаттарын орындауға көмектеседі деп ойлаймыз. Әр

сыныптың ерекшелігіне байланысты, өлкетану жұмыстарының формаларын дұрыс таңдап және оны шығармашылықпен қолдану мұғалімнің жеке тәжірибесіне байланысты болмақ.

Күнделікті сабақта табиғаттан басқа өлкетану материалдарының макеттері, моделдері, коллекциялары мен үлестірмелі материалдары пайдаланылады. Оларға жергілікті жердің нысандарының тіпті құбылыстың фото суреттері, видеороликтері, экспонаттар, жануарлардың муляждары, кеппешөптер, минералдар мен топырақ жиынтықтары т.б жатады. Олардың бәрі сабақ тақырыбына сай географиялық түсініктерді қалыптастыруда маңызды оқу құралдары болып есептеледі. Саяхат, жорық барысында табылған тастар, қаңқалар, жер бедерінің ерекше түрлерінің фото суреттері, жануарлардың дене мүшелері де, ерекше табиғат құбылыстарының суреттері, өлкетану материалы.

География пәнінен өлкетану бағытындағы жұмыстарды практика барысында ұйымдастыру арқылы өзімнің іс-тәжірибемде қолданып көрдім.

Эксперимент жұмысының мақсаты өлкетану тәсілдемесі мен материалдарын сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда қолданудың қажеттілігі мен сабақтың сапасын арттыруда тиімділігін анықтау. Эксперимент нәтижесінде өлкетану тәсілдемесін қолданудың сабақ сапасын арттыруға тигізген әсерін бағалау.

Іс- тәжірибе жұмысы үш кезең бойынша өтті. Ол Атырау қаласының Нұрғиса Тілендиев атындағы мамандырылған мектеп-гимназиясында өткізілді.. Экспериментке 10г сыныбының 28 оқушысы қатысты, оның 14-і эксперимент тобында, 14-і бақылау тобында болды.

Эксперимент жұмысының көздеген негізгі мәселесі:

1. География сабақтарында өлкетану тәсілдемесін қолданудың оқушылардың теориялық материалды жете түсінуі мен меңгеруіне әсерін анықтау;
2. Сабақтан тыс өлкетану жұмыстарының географиялық білімді толықтыру мен сабақ сапасын арттырудағы маңызына және оқушылардың тәрбиесіне әсерін эксперимент арқылы көз жеткізу.

Анықтау эксперименті бойынша сынып оқушылары арасында сауалнама жүргіздік. Сауалнама сұрақтары:

1. Өз туған жерің туралы білгің келе ме және соған байланысты экспериментке қатысқың келе ме?
2. География сабағы үшін өз өлкең туралы білуің маңызды деп есептейсің бе?
3. Өлке табиғатын зерттеуге қалай қарайсың?
4. Өз өлкең туралы қандай мәліметтер білгің келеді?
5. Болашақ мамандығыңды өз өлкеңмен байланыстыруға көзқарасың?
6. Өз өлкеңнің несімен мақтана аласың?
7. Туған жерінде табиғатын қорғауға қандай үлес қосар едің ?
8. Өзіңді өз еліңнің патриотымын деп сезіну үшін не істеу керек деп ойлайсың?

Осы сұрақтарға берген жауаптарына қарап оқушыларды екі топқа бөлдік. Өз өлкесі туралы көбірек білгісі келетін, зерттеу жасағысы келетін қызығушылығы жоғары оқушыларды бір топқа, ал өз өлкесі туралы білгісі келеді, бірақ экспериментке қатысқысы келмейтіндерді бір топқа біріктірдік. Барлық оқушылардың географиялық білім деңгейін география сабағы бойынша өтілген материалдарға байланысты бірдей сұрақтардан жасалған тест арқылы тексеріп алдық. Нәтижелерін арнайы эксперимент журналына тіркедік.

Нәтижесінде әр топтағы сынып оқушыларының білім деңгейлері әр түрлі және қызығушылықтары әртүрлі екенін анықтадық. Оқушылардың кейбіреулері өз өлкесі туралы білудің жалпы географиялық заңдылықтарды түсінуге тікелей әсері болмайды деп ойлайтындарын да жасырмады. Ал кейбірі өз болашақ мамандықтарының өз туған

жерімен байланыстыруды қажет деп таппайтынын, не мектептегі географиялық білімнің өмір қажеттілігіне айналуына күмәнді көзқараста екендігін де жасырмады. Кейбірі өз ойын ашық айтуға не жеткіуде қиналыс танытты. Бұл мұғалім және өз елінің патриоты ретінде маған оқушылардың өз өлкесін оқыту арқылы сүйіспеншілікке, зерттеушілікке, қызығушылық қабілеттерін оятудың қажеттіліктері барын дәлелдеді.

Эксперимент барысында үш деңгей (төмен, орта, жоғары) анықталды.

Жоғары деңгей: бұл топтың оқушылары білімдері жоғары, өз өлкесін зерттеуді қалайды, болашағын өз өлкесімен байланыстырады, география сабақтарындағы білім сапаларын өз өлкесі мысалында оқытуды маңызды деп есептейді, өз өлкесінің патриотымын деп сезінеді және ол туралы өз ойларын еркін жеткізіп, ашық айта алады.

Орта деңгей: бұл деңгейдегі оқушылардың білімдері орташа, өз өлкесі туралы көбірек білгісі келеді, өз өлкесін зерттеуге қызығушылығы орташа, өз өлкесінің патриотымын деп есептейді, өз болашағын туған жерімен байланыстырады, бірақ географиядан білім сапасының орташа болғанына өз өлкесі мысалында оқытуды маңызды деп есептемейді, өз ойын ашық айта алмайды немесе жүрексінеді.

Төменгі деңгей: бұл топтағы оқушылардың білім деңгейі төмендеу, өз ойларын ашық жеткізе алмайды, сабақ сапасына өлкетану материалдарын білудің қатысы жоқ деп есептейді. Өз өлкесін зерттеуге қызығушылық танытады. Туған елінің патриоты болам деп ойлайды. Өз болашағын өз жерімен байланыстырады. Әр топтағы оқушылардың анықталған деңгейлерін де журналға жазып қойдық.

Топтар	Оқушы саны	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төменгі деңгей
А тобы	14	7	4	3
Ә тобы	14	-	7	7

Қалыптастыру эксперименті кезеңінде: «А» тобы эксперименттік топ және «Ә»тобы- бақылау тобы ретінде экспериментке қатыстырылды.

Эксперименттік әдістеменің бағдарлық кезеңінде эксперимент топтарына да, бақылау топтарына да сабақ өлкетану тәсілдемесін пайдаланып өткізілді. Эксперименттік «А» тобының оқушыларынан сабақтан тыс өлкетану үйірмесін құрып , өлкетанудың негізгі бағыттары бойынша тапсырмалар берілді. Балалармен әңгімелесу арқылы қызығушылығын анықтап жеке тақырыптар бойынша материалдар жинақтауға тапсырмалар берілді. Мысалы, екі оқушы қаланың тарихын, аудандарын, олардың ерекшеліктері , ескерткіштер мен саябақтар туралы жалпы мәліметтерді жинақтап, слайдтар дайындады. Екі оқушыға Атырау облысының климаты мен табиғаты ерекше жерлерін анықтау, Атырау қаласының ауа-райы мәліметтері туралы материалдар жинақтау тапсырмасы берілді. Олар екі ай бойына ауа-райы күнтізбесін (ғаламтор материалдары бойынша) құрастырды (күннің бұлттылығы, температурасы, жел бағыты, күші, қысымы, жауын- шашыны) және оны талдап, қорытынды шығарды. Екі оқушыға Атырау өлкесінде таралған топырақ түрлері , олардың қасиеттері жайында материалдар жинақтау мен қалада таралған топырақ түрлерінің механикалық құрамын, су өткізгіштігін, су сыйымдылығын, су сіңіргіштігін, қышқылдығын анықтау тәжірибелерін жасау тапсырылды. Екі оқушы өлкенің жануарлар дүниесі туралы мәліметтер жинақтап, слайдтар дайындады. Екі оқушы өсімдіктеріне сипаттама жазып, слайдтар дайындау тапсырылды. Енді екеуіне өлкенің халқының саны, ұлттар мен діни құрамы, жастық ерекшеліктері туралы мәліметтерді жинақтап баяндамалар дайындауға тапсырма берілді. Екі оқушыға өлкенің өзен-көлдері туралы мәліметтерді жинақтау тапсырылды. Тәжірибе кезінде «А» тобының оқушылары облыстық өлкетану

мұражайына экскурсияға барып, ондағы өлке туралы мәліметтермен, жәдігерлермен танысты. Тәжірибе барысында оқушылар интернет материалдарымен ұсынылған оқулықтар мен әдебиеттерді пайдаланумен қатар үлкен кісілердің айтулары бойынша да қызықты материалдарды жинақтап тәжірибе соңында өз тақырыптары бойынша бүкіл сынып алдында қорғап шықты. Нәтижесінде «А» тобының дайындаған материалдарының , көрнекіліктері арқылы бүкіл сынып өз өлкеміз туралы бұрын білмейтін, ерекше нысандарын білумен қатар, олардың маңызын түсінді және өлкенің табиғатын зерттеудің қызықты екенін мойындай бастады. Ал «Ә» тобы оқушыларыда оларға қызығушылықпен қарап, сұрақтар қойып, талдауға қатынасты. Олар география сабақтарында өздері зерттеген тақырыптары бойынша қосымша мәліметтерді келтіріп, не тәжірибелерін сыныпқа ұсынып отырды және география сабағына деген қызығушылықтарыда артты.

Сабақ үстінде жаңа сабақтарды түсіндіру барысында да өлкетану тәсілдемесін бүкіл сыныпқа қолдану арқылы оқушыларды өз өлкесі туралы білудің маңызды екендігіне баса назар аударуға тырысып отырдым.

Бақылау эксперименті кезеңінде: тәжірибеде қолданған әдістер мен өлкетану тәсілдемесінің оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың өз өлкесінің ерекшелігін білуге қызығушылықтары оянғанын, өз өлкесі туралы білудің қажеттілігін сезінгендерін және олның сабақ барысына да ықпал ете бастағаны анықталды. Пайдаланған әдісіміздің тиімділігін анықтау үшін қорытынды сауалнамаларды сол бұрынғы сұрақтар бойынша қайта жүргіздік және сауалнама нәтижесі оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарының артқанын, білімдерінің артқанын, өз өлкесін білуге құштарлықтарының оянғандықтарын , өз ойларын айтуға машықтанғанын дәлелдейді.

Тәжірибелі-эксперимент жұмысының нәтижелері бойынша өлкетану тәсілдемесі мен өлкетану бағытындағы жұмыстарды ұйымдастырудың география сабағының тиімділігін арттыруға ықпал ететіндігі және оқушы бойында зерттеушілік қабілетке бастау беретіндігі анықталды. Өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру оқушының өз өлкесіне сүйіспеншілігін арттыратыны, сол арқылы өз өлкесінің жанашыр азаматы болып қалыптасуына игі әсері байқалды. Тәжірибе-эксперимент жұмыстары барысында қол жеткен нәтижелер төмендегідей қорытынды мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді.

Анықтау экспериментімен салыстырғанда қорытынды эксперимент кезеңіндегі оқушының білім деңгейінің өзгергендігі мына кестеден көруге болады:

Топтар	Оқушы саны	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төменгі деңгей
А тобы	14	10	4	-
Ә тобы	14	6	5	3

Бұл эксперимент жұмысы қысқа мерзімге жоспарланғандықтан өлкетануға байланысты жорықтар мен экскурсиялар ұйымдастырудың мүмкіндігі шектеулі болды. Мектепте осындай өлкетану жұмыстарын жылдар бойына жоспарлап, жорықтар мен экскурсиялар ұйымдастырылып, оқушылар табиғатпен етене байланыс орнататын жағдайда нәтиженің жоғары болатыны сөзсіз. Сондықтан болашақ география пәні мұғалімі ретінде өлкетанудан сыныптан тыс жұмыстарды сабақпен қатар ұйымдастыру қажеттігіне көз жеткіздім және болашақта осы әдістемені өз педагогикалық тәжірибемде кеңінен пайдаланатын боламын .

Қорыта айтқанда, жасалған педагогикалық эксперименттің нәтижесінде қойылған мақсаттарымыз орындалып, тиісті қорытындылар жасалды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде өлкетану жұмыстарын ұйымдастырудың тиімділігі мынаған байланысты:

- интеграциялық сипаты, оқушылардың жергілікті жер материалдарын пайдалана отырып тұтас аумақты не құбылысты терең теориялық, практикалық тұрғыдан қабылдауын қамтамасыз етуі;

- тәрбие үрдісінің ерекше формасы екендігі;

- оқушылардың қоғамдық , кәсіби бағдарлау бағытын қалыптастыру;[4]

Өлкетану тәсілдемесі географияны оқытуда «белгіліден белгісізге», «жақыннан алысқа» деген дидактикалық қағидаға басшылыққа алады. Табиғат және оның заңдылықтары туралы, жергілікті тұрғындар мен олардың шаруашылықтары туралы біле отырып, алыс шет елдер мен көршілес елдердің , не өз республикамыздың географиясын оқыту жеңілдірек әрі түсінікті болады.

Жергілікті табиғат құбылыстары мен географиялық нысандардың ерекшеліктерін білу тұтас географиялық қабықтағы үдерістердің қалыптасу, өзгеру, даму жағдайларын негізді түсінуге көмектеседі. Оқушылардың қабылдауын жеңілдетеді. Оқушыларға таныс жергілікті жердегі болып жататын табиғи жағдайлар арқылы олардан қашық, көзбен көре алмайтын талай географиялық құбылыстарды түсіндірудің, сезіндірудің айқын жолы , мұғалімнің көмекші құралы болып табылады. Өлкетану көптеген пәндердің ортақ зерттеу мәселесі бола отырып, пән аралық байланысты қалыптастыру құралы, тәсілдемесі. Тарих, география, музыка, өнер, биология, математика пәндерінің элементтері өлкетану жұмыстарында бірлесе пайдаланылады. Өлкетану жұмыстары табиғат қорғауда ерекше маңызға ие. Оқушы бойында табиғатпен етене байланыс орнайды, оның әр компонентінің адам үшін маңызын түсінеді. Оған аяушылық көзқарас қалыптасады. Оның байлықтарын рациональды пайдаланудың қажеттілігін түсінеді. Өз өлкесіне деген патриоттық сезімі оянады. Оның ерекше орындарын табиғи, тарихи ескерткіштерін, халқы мен салтын мақтан тұтатын болады. Өлкетану оқушылардың эстетикалық тәрбиесін қалыптастырады. Сұлулықты табиғи түсінеді.

Өлкетану жұмыстары педагогикалық жағынан мектеп пен қоршаған орта арасын байланыстырушы қызмет атқарады. Өлкетанудың негізінде жатқан педагогикалық ұстанымдар мен оны ұйымдастырудың түрлі формалары мен әдістерін ұтымды пайдалану география мұғалімінің шеберлігіне байланысты . өлкетану материалдарын жүйелі таңдау, өңдеу және дидактикалық көркемдеу оқушылар мен мұғалімнің жұмыстарының нәтижесінің көрсеткіштері болуымен қатар мектептің өлкетану материалдарының қоры болып саналады.

Оқушыларды өлкетану жұмыстарына тарту мен өлкетану жұмыстарының тиімділігі өлкетанушы мұғалімдердің әдістемелік- ұйымдастырушылық қабілетінің жемісі деп білеміз.

География сабақтарында және сабақтан тыс өлкетану жұмыстарын жоғары деңгейде ұйымдастыра білу оқушы бойында географиялық білім мен патриоттық тәрбие берудің маңызды құралы. Өлкетану жұмыстарын орта мектептерде ұйымдастырудың жолдарын кешенді пайдалану болашақта елжанды, тәрбиелі, білімді әрі функциональды сауатты ұрпақ қалыптастырады деп болжам жасаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Орта мектепте «Өлкетану» курсының оқытудың әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» 2017-2018 оқу жылында жалпы білім беретін орта мектептердің оқу үдерісін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқау хат .

3. Мәженақова М.С. Мектептің педагогикалық процесінде оқушылардың танымдық қызығушылығын өлкетану материалдары негізінде дамыту: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2004. – 28 б.
4. Майемер А.М. Қазақстан географиясы пәнін оқытуда аймақтық-өлкетану мәліметтерін пайдалану арқылы қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу. Жүсіп Баласағын Қырғыз ұлттық университетінің Жаршысы. Бішкек. 2013.